# ELEMENTARY

WORKBOOK

## Сонда AM, IS, ARE дегендерді қай кезде қолданамын???

Егер осы шақта айтып жатқан сөйлеміңізде іс-әрекет етістігі жоқ болса, онда ТО ВЕ етістігін (ат, іs, are) қолданасыз.

Іс-әрекет emicmiгi деген жүгiру(run), бару(go), iшу(drink), ұйықтау(sleep), оқу(read) және т.б.

МЕН ҮЙДЕМІН. ОЛ ӘДЕМІ. ОЛАР АЛМАТЫДА. СЕН АҚЫЛДЫСЫҢ.

Жоғарыдағы сөйлемдерде етістік жоқ. АЛ, ағылшын тілінде сөйлемде МІНДЕТТІ ТҮРДЕ ЕТІСТІК болуы керек. ЕТІСТІКСІЗ БОЛМАЙДЫ. Сол үшін **ТО ВЕ етістігін** қолданамыз.

## ТО ВЕ етістігімен сөйлемнің жасалынуы

| I    | am  |           |
|------|-----|-----------|
| You  |     | at home   |
| We   | are |           |
| They |     | beautiful |
| He   |     |           |
| She  | is  | a teacher |
| It   |     |           |

- Мен үйдемін I am at home.
- Ол өте әдемі She is very beautiful.
- Менің анам мұғалім My mother is a teacher.

#### Одан да жеңілдетіп берейін.

- 1) Бірінші өзіңді таныстырғанда, атыңды айтқанда
- I am Kassym She is Nazym
- 2) Мамандықты айтқанда I am a doctor They are teachers He is a driver
- 3) Қай жерде екеніңді айтқанда I am at school She is in Almaty They are in Brazil
- 4) Жасыңды айтқанда

I am 25 She is 18 Nazym is 20

- 5) Сын есімдермен, сезімінді айтқанда I am happy She is clever They are strong He is sad
- IC-ƏPEKET ETICTIFI BAP DO,DOES
- IC-ƏPEKET ETICTIK ЖОҚ AM,IS,ARE

## Болымсыз сөйлем (-)

| I    | am  |     |           |
|------|-----|-----|-----------|
| You  |     |     | at home   |
| We   | are |     |           |
| They |     | not | beautiful |
| He   |     |     |           |
| She  | is  |     | a teacher |
| It   |     |     |           |
|      |     |     |           |

• Мен Алматыда емеспін

I am not in Almaty

• Олар әлісіз емес

They aren't weak

## Сұраулы сөйлем (?)

| Am     | I    |            |
|--------|------|------------|
|        | You  | at home?   |
| Are    | We   |            |
|        | They | beautiful? |
| HARAIA | He   |            |
| Is     | She  | a teacher? |
|        | It   |            |

- Are you crazy? Жындысың ба?
- Is she beautiful Ол сұлу ма? (жігіттерге керек болып қалар))

| Where | Am  | I    |   |
|-------|-----|------|---|
| How   |     | You  |   |
| Why   | Are | We   | ? |
|       |     | They |   |
| What  |     | He   |   |
|       | Is  | She  |   |
| When  |     | It   |   |

• Where is she?

Ол қайда?

• How are you?

Қалайсың?

• What is it?

Ол не?

## **Elementary level**

#### Lesson 1

Егер осы шақта айтып жатқан сөйлеміңізде іс-әрекет етістігі жоқ болса, онда **ТО ВЕ** етістігін (am, is, are) қолданасыз.

Іс-әрекет етістігі деген жүгіру(run), бару(go), ішу(drink), ұйықтау(sleep), оқу(read) және т.б.

МЕН ҮЙДЕМІН. ОЛ ӘДЕМІ. ОЛАР АЛМАТЫДА. СЕН АҚЫЛДЫСЫҢ.

Жоғарыдағы сөйлемдерде етістік жоқ. АЛ, ағылшын тілінде сөйлемде МІНДЕТТІ ТҮРДЕ ЕТІСТІК болуы керек. ЕТІСТІКСІЗ БОЛМАЙДЫ. Сол үшін ТО ВЕ етістігін қолданамыз.

#### Барлық сөздерді білемін:

| 1  | Cake          | бәліш                         | кейк          |
|----|---------------|-------------------------------|---------------|
| 2  | Nearly        | деп қалды, дерлік, жуық, қасы | ниярли        |
| 3  | Horrible      | қорқынышты, сұмдық, өте       | хорибл        |
|    |               | жаман                         |               |
| 4  | Tricky        | күрделі, қу, зерек, тапқыр    | трики         |
| 5  | Lovely        | сүйкімді, өте әдемі           | лавлый        |
| 6  | True          | шын, рас                      | тру           |
| 7  | I am going to | Бірнәрсе жасайын деп жату     | Айым гоуиң ту |
| 8  | Naughty       | тіл алмайтын, бұзық           | ноти          |
| 9  | Tasty         | дэмді                         | тэйсти        |
| 10 | Taste         | дәм                           | тэйст         |

#### Тапсырма

1) Айналаңа қарап, заттарды атау керек: Бұл менің қаламым. + қара + кішкентай Бұл менің итім. + күлкілі + сүйкімді Бұл оның қуыршағы. + әдемі + үлкен Бұл біздің үйіміз. + ыңғайлы + таза + жарық

#### Аудару

- 1) Бәліш дайын
- 2) Бәліштер дайын болайын деп қалды
- 3) Дәмі басқа
- 4) Ауа райы өте жаман
- 5) Бұл күрделі сұрақ
- 6) Бұл өте әдемі
- 5) Бұл шын
- 8) Бәліш өте дәмді

- 1) The cake is ready
- 2) The cakes are nearly ready
- 3) The taste is different
- 4) The weather is horrible
- 5) It is a tricky question
- 6) It is lovely
- 7) It is true
- 8) The cake is very tasty
  - 1. Берілген барлық сөздерді меңгеру үшін мнемотехниканы қолдыныңыз.
  - 2. «Не көрсем, соны атаймын» тапсырмасын істеу
  - 3. Сөйлемдерді аудару:
    - Ең алдымен сөйлемдерді ауызша, көп ойланбай аударасыз (БҮГІН)
    - Одан кейін жазбаша (грамматикасын түзетіп) аударма жасайсыз

**Lesson 2** Барлық сөздерді білемін:

| 1 | Look at that!     | Анаған қара!                     | Лук эт зат!    |
|---|-------------------|----------------------------------|----------------|
| 2 | Don't be upset    | Көңіл-күйің түспесін             | Донт би апсэт  |
| 3 | Sometimes         | кейде                            | Самтаймз       |
| 4 | Easy              | оңай                             | Изи            |
| 5 | True              | шын                              | Тру            |
| 6 | I am going to     | Мен бірдеңе істейін деп жатырмын | Ай эм гоуин ту |
| 7 | Nice to meet you! | Танысқаныма<br>қуаныштымын!      | Найс ту мит ю! |
| 8 | Don't be          | Болма                            | Донт би        |

#### Аудару

- 1. Ағылшын тілі- оңай.
- 2. Бұл шындық емес.
- 3. Мен ұйықтайын деп жатқан жоқпын.
- 4. Күлкімді келтірме. Бұл оңай емес.
- 5. Бұл қиын (алдамшы) сұрақ емес.
- 6. Сенің көлігің жаңа емес.
- 7. Біз баруға дайын емеспіз.
- 8. Бәлішке қарашы. Ол дәмді емес.

#### Жауаптары:

- 1. English is easy.
- 2. It's not true.
- 3. I'm going to sleep.
- 4. Don't be funny. It's not easy.
- 5. It is not a tricky question.
- 6. Your car is not new.
- 7. We are not ready to go.
- 8. Look at the cake. It's not tasty.

3-тапсырма:

Сәлем (Сәлеметсіз бе)! Менің атым...

Мен (қай жерденсің?) ...

Танысқаныма қуаныштымын!

4-тапсырма: Hi! <u>I am</u> Mick. <u>I'm</u> from California but <u>I live</u> in New York. <u>I'm</u> thirty six. At this moment <u>I'm</u> in a tribunal because <u>I am</u> a lawyer. *I have* a sister. Her <u>name is</u> Maria. <u>She is</u> always at home because <u>she is</u> a housewife.

Әр сөйлемнен бастауыш пен баяндауышты табу керек.

ТО ВЕ етістігін тауып, белгілеп шығу керек.

## **Lesson 3** Барлық сөздерді білемін:

| 1  | TO BE READY    | дайын болу             | ту би реди       |
|----|----------------|------------------------|------------------|
| 2  | 5 MINUTES AGO  | бес минут бұрын        | файф минутс эгөу |
| 3  | JUST           | жай ғана, дәл дегендей | джаст            |
| 4  | TO BE ANGRY    | ашулы болу             | ту би әңгри      |
| 5  | AGAIN          | қайтадан               | эгейн            |
| 6  | NEARLY         | дерлік, жуық           | ниярли           |
| 7  | TO BE UPSET    | көңілсіз болу          | ту би апсет      |
| 8  | TO BE GOING TO | бір нәрсе жасайын деп  | ту би гоиң ту    |
|    |                | жату                   |                  |
| 9  | NAUGHTY        | бұзық                  | ноти             |
| 10 | TASTE          | дәм                    | тэйсти           |
| 11 | TASTY          | дәмді                  | тэйст            |
| 12 | TO EAT         | жеу                    | ту ит            |
| 13 | CHILD          | бала                   | чайлд            |
| 14 | TRUE           | ШЫН                    | тру              |

#### Аудару

- 1. Бала қайтадан көңіл күйсіз болды.
- 2. Олар осы жерде 5 минут бұрын болды.
- 3. Мен тамақ жейін жеп жаттым, бірақ қайтадан қолым тимеді.
- 4. Ауа райы қайтадан өте нашар. Бірақ кеше ауа райы тамаша болды.
- 5. Бұл өте қиын (қитұрқы) сұрақ болды.
- 6. Бұл шындық емес! Біз әрқашан дос болғанбыз!
- 7. Мен кішкентай бала болғанда әрқашан бақытты болғанмын.
- 8. Біз көңілсіз болмадық, біз ашулы болдық.
- 9. Ол мен болмадым (мен емес едім). Мен ол жерде болмадым.

#### Аудармасын жаз

- 1. Lovely-
- 2. Horrible-
- 3. Мынаған қара!-
- 4. Оңай-
- 5. Sometimes-
- 6. Көңіл күйсіз болу-
- 7. Бірдеңе істейін деп жату-
- 8. Naughty-
- 9. Дәмді-
- 10. Nearly
- 11. Taste-
- 12. Бала-
- 13. Шын, шындық-
- 14. Әрқашан-
- 15. Бос болмау-

- 1. The child was upset again.
- 2. They were here 5 minutes ago.
- 3. I was going to eat, but I was busy again.
- 4. The weather is horrible again. But the weather was lovely yesterday.
- 5. It was a tricky question.
- 6. It is not true! We were always friends.
- 7. When I was a child I was always happy.
- 8. We weren't upset, we were angry.
- 9. It wasn't me. I wasn't there.

**Lesson 4** Барлық сөздерді білемін:

|    |                | 1                     |                  |
|----|----------------|-----------------------|------------------|
| 1  | IN 5 MINUTES   | 5 минуттан соң        | ин файф минутс   |
| 2  | 5 MINUTES AGO  | 5 минут бұрын         | файф минутс эгөу |
| 3  | TO BE ANGRY    | аушлы болу (ашулану)  | ту би әңгри      |
| 4  | DON'T WORRY    | уайымдама             | Донт вори        |
| 5  | UPSET          | көңілсіз              | апсет            |
| 6  | GLAD           | риза                  | глад             |
| 7  | CALM           | байсалды, сабырлы     | кам              |
| 8  | TO BE GOING TO | бір нәрсе жасайын деп | ту би гоиң ту    |
|    |                | жату                  |                  |
| 9  | NAUGHTY        | бұзық                 | ноти             |
| 10 | TASTY          | дәмді                 | тэйсти           |
|    |                |                       |                  |
| 11 | NEARLY         | дерлік, жуық          | ниярлый          |
| 12 | CHILD          | бала                  | чайлд            |
| 13 | AGAIN          | қайтадан              | эгейн            |
| 14 | POLITE         | сыпайы                | полайт           |
| 15 | IMPOLITE       | дөрекі                | имполайт         |
| 16 | TRUE           | ШЫН                   | түру             |

#### Аудару

- 1. Бала бақытты болады.
- 2. Бұл шын болмайды.
- 3. Бұл оңай болады.
- 4. Менің итім қарны аш және бұзық болады.
- 5. Сен жақсы әке боласың.
- 6. Күте тұр! Менің досым 30 минуттан соң дайын болады.
- 7. Бұл дәмді болады.
- 8. Көңіл-күйсіз болма (көңіліңді түсірме). Біз сабырлы боламыз.
- 9. Мен сенің досың боламын.
- 10. Күте тұрыңыз, өтінемін! Олар осы жерде 5 минуттан кейін болады.
- 11. Менің досым риза болады.
- 12. Ертең ауа райы тамаша болады.
- 13. Бұл күрделі сұрақ болады.
- 14. Мен ашулы болмаймын (ашуланбаймын). Мен көңілсіз болмаймын. Мен сабырлы боламын.
- 15. Ол қайтадан бос болмайды.
- 16. Мен 20 минуттан соң дайын боламын.

- 1. A child will be happy.
- 2. It will not/won't be true. Will not=won't
- 3. It will be easy.
- 4. My dog will be hungry and naughty.
- 5. You will be a good father.
- 6. Wait! My friend will be ready in 30 minutes.
- 7. It will be tasty.
- 8. Don't be upset! We will be calm.
- 9. I will be your friend.
- 10. Wait, please. They will be here in 5 minutes.
- 11. My friend will be glad.
- 12. The weather will be lovely tomorrow.
- 13. It will be a tricky question.
- 14. I won't be angry. I won't be upset. I will be calm.
- 15. She will be busy again.
- 16. I will be ready in 20 minutes.

**Lesson 5** Барлық сөздерді білемін:

| 1  | WISH       | арман, тілек                 | уиш         |
|----|------------|------------------------------|-------------|
| 2  | COMFY      | ыңғайлы                      | комфи       |
| 3  | OWN        | жеке                         | оун         |
| 4  | GLAD       | риза                         | глэд        |
| 5  | COOL       | сабырлы, байсалды            | кул         |
| 6  | SILLY      | ақымақ.                      | силли       |
| 7  | STILL      | элі (to be етістігінен кейін | стил        |
|    |            | қоямыз)                      |             |
| 8  | TO BE      | ояу болу                     | ту би эуейк |
|    | AWAKE      |                              |             |
| 9  | TO BE LATE | кешігу                       | ту би лейт  |
| 10 | JUST       | жай ғана                     | джаст       |
| 11 | ONLY       | тек                          | онли        |
| 12 | AGAIN      | қайтадан, тағы               | эгейн       |
| 13 | MAYBE      | мүмкін                       | мейби       |

#### Аудару

- 1. Сен осы жерденсің бе?
- 2. Неге сен осы жерденсің?
- 3. Қашан олар осы жерде болады?
- 4. Ол кеше жұмыста болды ма?
- 5. Неге ол кеше жұмыста болмады?
- 6. Сенің күйеуің көңіл-күйсіз бе?
- 7. Неге сенің әйелің кеше көңіл-күйсіз болды?
- 8. Сен кеше қайда болдың?
- 9. Сенің қызың кеше қайда болды?
- 10. Сенің төсегің қайда?
- 11. Сенің төсегің ыңғайлы ма?
- 12. Сен ояусың ба?
- 13. Сен әлі ояусың ба?
- 14. Неге сен әлі ояусың?
- 15. Бұл сенің көлігің бе? Иә, бұл менің жеке көлігім.
- 16. Сенің достарың сағат 5-те дайын бола ма?
- 17. Бұл не болды?
- 18. Неге сен сондай ақымақсың?
- 19. Сен сабырлы боласың ба?
- 20. Сенің досың кеше қайда болды?
- 21. Сен бақыттысың ба? Неге сен бақыттысың?

- 22. Неге сен кеше бақытты болмадың?
- 23. Біз кешігіп жатырмыз. Неге біз кешігіп жатырмыз?
- 24. Біз қайтадан кешіктік. Неге біз қайтадан кешіктік?
- 25. Ағаң қайда? Ол үйде жоқ, бірақ оның көлігі осы жерде.
- 26. Қайда барайын деп жатсың? Мен киноға барайын деп жатырмын.
- 27. Бұл сен үшін күрделі сұрақ болды ма?

- 1. ARE you here?
- 2. Why ARE you here?
- 3. When WILL they BE here?
- 4. WAS he at work yesterday?
- 5. Why WAS NOT HE at work yesterday?
- 6. IS your husband upset?
- 7. Why WAS your wife upset yesterday?
- 8. Where WERE you yesterday?
- 9. Where WAS your daughter yesterday?
- 10. Where IS your bed?
- 11.IS your bed comfy?
- 12.ARE you awake?
- 13.ARE you still awake?
- 14. Why ARE you still awake?
- 15.IS this your car? Yes, this is my car.
- 16. WILL your friends BE ready at 5?
- 17. What happened?
- 18. Why ARE you so silly?
- 19. WILL you be calm?
- 20. Where WAS your friend yesterday?
- 21. ARE you happy? Why ARE you happy?
- 22. Why WEREN'T you happy yesterday?
- 23. We ARE late. Why ARE we late?
- 24. We WERE late again. Why WERE we late again?
- 25. Where IS your brother? He isn't at home, but his car IS here.
- 26. Where ARE you going to? I'm going to the movies.
- 27. WAS this a tricky question for you?

#### Диалогты тыңдап, видеодан не естігеніңді толық сөзбе-сөз жазып ал.

- Hi! Where are you?
- I am still at home. And where are you?
- I am at work. When will you be at the office?
- I will be in an hour.
- You are late again.
- Don't worry. Everything is ok.

## Lesson 6; 7.

**Өзіндік жұмыс** Сабақ барысындағы тапсырмаларды орындап, бір аптаны қайталау.

## PRESENT SIMPLE

Сәлем, мен ОСЫ ШАҚТАҒЫ Қасыммын. Бұл өмірімдегі және ағылшын тіліндегі ең жиі қолданылатын әрі оңай шақ! Бастауышты аласың және одан кейін кез-келген етістікті қоясың, мен дайынмын (I work - мен жұмыс істеймін). Өмір сынақ болғандықтан қиындықтар болып тұрады. Бұл шақта "Ол (қыз балаға(she), ер балаға(he), затқа(it))"деген есімдіктерден кейін "S" жалғауды ұмытпауың керек! (Не workS)

Ең маңызды мынаны есіңе сақтап ал. Бұл шақта мен жалпы нәрселер немесе қайталанатын іс-әрекеттерім, әдеттерім туралы айтамын. Ең жақсы мысал танысқан кезде, өзім туралы немесе басқа біреу туралы жалпы ақпарат бергенде, күнделікті не істейтінін айтқанда қолданамын.

#### БАСТАУЫШ+БАЯНДАУЫШ (ЕТІСТІК)+...

#### Мысалы:

- Hi, my name is Kassym.
- I live in Taldykorgan. (Мен Талдықорғанда тұрамын)
- I wake up at 9 a.m every day. (Мен күнде 9-да тұрамын)
- I have a family. I have two sisters and brother. (Менің отбасым бар. Менің екі әпкем және інім бар)
- I teach English. (Мен ағылшын тілін үйретемін)
- I also do business. (Мен сонымен қатар бизнеспен айналысамын)
- I have different hobbies. I often play football and read books.
  (Менің әртүрлі хоббиім бар. Мен жиі футбол ойнаймын және кітап оқимын)

P.S Сен де инстаграм парақшаңда бізді белгілеп, өзің туралы айтып беруді ұмытпа

#### Кейде ФАКТТЕР айтқым келіп кеткен кезде қолданамын.

- The Moon goes round the earth. (Ай күнді айналып жүреді)
- Water boils at 100° С. (Су 100° С қайнайды)

#### ЖИІЛІКТІ БІЛДІРЕТІН YCTEУЛЕР(Adverbs of frequency)

Өмірімнің осы шағын ерекшелендіріп тұратын ЖИІЛІКТІ БІЛДІРЕТІН YCTEYЛЕР(Adverbs of frequency). Басқаша ДАБЫЛ СӨЗДЕР деп атаймын. Себебі, осы сөздерді көргенде осы шақта жүргенім есіме түседі. Қаншалықты жиі жақсы көретін ісіммен айналысатынымды, жақындарыммен не істейтінімді айқанда осы үстеулерді және Present Simple-ымды жиі қолданамын. Осы шақты ұмытпастай түсінгіңіз келсе жаттап, сөйлемдеріңізде қолданыңыз.

#### TIME MARKERS

Always — әрқашан Usually — әдетте Often - жиі Sometimes — кейде Seldom — сирек Rarely — сирек Never — ешқашан I **always** play with my brother He **usually** sleeps a lot.

My sister often drinks coke.

I **sometimes** eat ice-cream.

(! Болымды сөйлемде бастауыш пен етістіктің ортасында жүретінін ұмытпа)

## Present Simple ҚАЛАЙ ЖАСАЙМЫЗ?

### Болымды сөйлем (+)

| I    | Verb            |
|------|-----------------|
| You  | A Physiatrical  |
| We   | <b>水面包面水面包面</b> |
| They |                 |
| He   | Verb + S        |
| She  |                 |
| It   |                 |


- They usually play football at the weekends.
- She always goes to the cinema.
- Aigul studies at school.

## Болымсыз сөйлем (-)


| I    |         |      |
|------|---------|------|
| You  | Don't   |      |
| We   |         | VERB |
| They |         |      |
| He   |         |      |
| She  | Doesn't |      |
| It   |         |      |

- We don't walk in the evening.
- He doesn't play the piano.
- Marat doesn't smoke.

## Сұраулы сөйлем (?)



- Do you run every day?
- Do students study hard?
- Does she listen to music?
- Does Ainur read books?



- Where do you live? When do you wake up?
- Why does he like her? How does she study?

#### PRESENT SIMPLE

#### Lesson 1.

#### Барлық сөздерді білемін

| 1 | To get up         | ұйқыдан тұру | ту гет ап         |
|---|-------------------|--------------|-------------------|
| 2 | To brush my teeth | тіс тазалау  | ту браш май тиз   |
| 3 | To take a shower  | душ қабылдау | ту тейк э шауэр   |
| 4 | To comb my hair   | шаш тарау    | ту ком май хэйар  |
| 5 | To get dressed    | киіну        | ту гет дресд      |
| 6 | To put on make up | бояну        | ту пут он мэйк ап |
| 7 | To cook           | тамақ жасау  | ту кук            |
| 8 | To come home      | үйге келу    | ту кам хоум       |

#### Сөйлем құрау:

- 1. To get up
- 2. To brush my teeth
- 3. To take a shower
- 4. To comb my hair
- 5. To get dressed
- 6. To put on make up
- 7. To cook
- 8. To come home

#### Аудару:

- 1. Қызым мектепке барайын деп жатқанда мен әрқашан қызыма ақша беремін.
- 2. Менің досым ешқашан таңертең тамақтанбайды
- 3. Мен күнде 10да тұрғым келеді. Бірақ бұл мүмкін емес. Өйткені менің жұмысым 8де басталады.
- 4. Мен әрқашан таңертең жұмысқа кешігемін, сондықтан өте тез боянамын.
- 5. Ол өте шаршаған. Ол тек 4 сағат ұйықтайды.
- 6. Ол үнемі үйге бәрі ұйықтап жатқанда келеді.
- 7. Менің әйелім таңертең таңғы ас дайындайды, сосын ол киінеді.
- 8. Біз Парижде тұрамыз. Қала өте әдемі. Бірақ біз ауылда тұрғымыз келеді.
- 9. Менің тарағым қайда?

Мен әрқашан душтан кейін шашымды тараймын.

10.Ол кофе ішіп, шоколад жейді.

#### Жауаптары:

- 1. I always give money to my daughter when she is going to school
- 2. My FRIEND never eats in the morning.
- 3. I want to get up at 10 every day. But it is impossible. Because my WORK starts at 8:00.
- 4. I am always late for work in the morning, that's why I put on make up very quickly.
- 5. She is very tired. She sleeps only 4 hours.
- 6. HE always comes back home when everyone is asleep.
- 7. My WIFE cooks breakfast in the morning, then SHE gets dressed.
- 8. We live in the Paris. The city is very beautiful. But we want to live in the a village.
- 9. Where is my comb? I always comb my hair after a shower.
- 10. SHE drinks coffee and eats chocolate in the evening.

#### Lesson 2 Барлық сөздерді білемін

SKIRT- белдемше (скөрт)

TROUSERS- шалбар (траузерс)

DRESS- көйлек (дрес)

То wear- кию (ту уэар)

To talk-сөйлесу (ту ток)

To be tired- шаршау ( ту би тайрд)

То be sure- сенімді болу (ту би шуэр)

То be right- дұрыс болу (ту би райт)

To be asleep- ұйықтау ( ту би эслип)

То see- көру ( ту си)

То visit- кездесу( посещать) (ту визит)

То do- бірдеңені істеу (ту ду)

То have- бір затқа ие болу (ту хәв)

То want- бір затты қалау (ту уант)

To make- жасау (ту мэйк)

| 1  | TIE          | галстук            | тай         |
|----|--------------|--------------------|-------------|
| 2  | SUIT         | костюм             | сьют        |
| 3  | SHIRT        | жейде              | шөрт        |
| 4  | SKIRT        | белдемше           | скөрт       |
| 5  | TROUSERS     | шалбар             | траузерс    |
| 6  | DRESS        | көйлек             | дрес        |
| 7  | To wear      | кию                | ту уэйә     |
| 8  | To talk      | сөйлесу            | ту ток      |
| 9  | To see       | көру               | ту си       |
|    |              |                    |             |
| 10 | To visit     | кездесу( посещать) | ту визит    |
| 11 | To want      | бір затты қалау    | ту уонт     |
|    |              |                    |             |
| 12 | To make      | жасау              | ту мэйк     |
| 13 | To be tired  | шаршау             | ту би тайрд |
| 14 | To be sure   | сенімді болу       | ту би щуэр  |
| 15 | To be right  | дұрыс болу         | ту би райт  |
|    |              |                    |             |
| 16 | To be asleep | ұйықтау            | ту би эслип |
| 17 | To do        | бірдеңені істеу    | ту ду       |
| 18 | To have      | бір затқа ие болу  | ту хәв      |
| 19 | SELDOM       | сирек              | сэлдом      |
| 20 | ALWAYS       | әрқашан            | олуэйс      |
| 21 | OFTEN        | жиі                | офен        |
| 22 | NEVER        | ешқашан            | нэвэр       |

#### Сөйлем құрау:

#### Аудару:

- 1. Ол белдемшені сирек киеді және ешқашан көйлек кимейді
- 2. Менің костюмым қайда? Ол мұнда 10 минут бұрын болған
- 3. Мен сенімен сөйлескім келеді . Үйде қашан боласың?
- 4. Мен саған мұнымен көмектескім келеді. Сенің шаршағыныңды көріп тұрмын
- 5. Мен ата анамды жексенбі күні көріп қайтқым келеді
- 6. Мен жұмысқа сирек джинсы киемін
- 7. Менің бастығым жұмысқа әрқашан костюм киіп келеді
- 8. Мен мұны істегім келеді. Бірақ қалай екеніне сенімді емеспін.
- 9. Мұның рас екеніне сенімдісің бе?
- 10. Бұл қызықты ойын.Менің де сенімен ойнағым келеді.
- 11. Ол қазір бос. Оның бос уақыты бар. Ол сені көргісі келеді.
- 12. Менің ең жақын құрбым ешқашан көйлек кимейді. Ол әрқашан шалбар киеді.
- 13. Мен душтамын. Есікті аш.
- 14. Сенікі дұрыс. Ондайды айту дөрекі.
- 15. Ол көптеген ақымақ ( орынсыз ) әрекеттерді жиі жасайды.
- 16. Мен көптеген әдемі заттарды қолмен жасаймын.
- 17. Мен күнде музыка тыңдаймын. Сенің сүйікті әншің кім?
- 18. Ол үйіне келгенде, әйелі ұйықтап жатады.

#### Жауаптары:

- 1. She seldom wears skirt and she never wears dresses.
- 2. Where is my suit? It was here 10 minutes ago.
- 3. I want to talk to you. When will you be at home?
- 4. I want to help you with that. I see that you are very tired
- 5. I want to visit my parents on Sunday.
- **6.** I seldom wear jeans at work
- 7. My Boss always wears suits at work
- 8. I want to do that. But I am not sure how.
- 9. Are you sure that it is true?
- 10. It is an interesting game. I want to play with you too.
- 11.He isn't busy now. He has free time. He wants to see you.
- 12.My best friend never wears dresses. She always wears trousers.
- 13.I am in a shower. Open the door.
- 14. You are right. It is very impolite to say that.
- 15.He often does many silly things/actions.
- 16.I make beautiful things with my hand.
- 17.I listen to music everyday. Who is your favorite singer?
- 18. When he comes home, his wife is already asleep.

#### Lesson 3

#### Аудару:

- 1. Дүкенді қаншада ашасыздар?
- 2. Банкті қаншада жабасыздар?
- 3. Мейрамхана қаншада ашылады?
- 4. Метро қаншада жабылады?
- 5. Фильм қаншада басталады?
- 6. Сен әдетте ата анаңды қашан көруге барасың?
- 7. Ол Америкаға саяхатын қашанға жоспарлап жатыр?
- 8. Сен мені түсінесің бе?
- 9. Ол мені түсіне ме?
- 10. Олар мені түсінеді деп ойлаймын
- 11. Сен неге ешқашан үйде тамақ дайындамайсың?
- 12. Ол әрқашан үйінде тамақ пісіреді. Ол үйдің тамағын жақсы көреді.
- 13. Сен әдетте үйге қаншада келесің? Менің сенімен сөйлескім келеді.
- 14. Сен жазды қайда өткізгің келеді?

- 1. What time do y ou open the store?
- 2. What time do you close the bank?
- 3. What time does the restaurant open?
- 4. What time does the metro close?
- 5. What time does the film begin?
- 6. When do you usually visit your parents?
- 7. When does he plan his trip to the USA?
- 8. Do you understand me?
- 9. Does he understand me?
- 10.I think that they understand me
- 11. Why do you never cook at home?
- 12.He always cooks at home. He likes home-made food
- 13. What time do you usually come home? I want to talk to you
- 14. Where do you want to spend the summer?

### Lesson 4. Week 2

## Барлық сөздерді білемін

| 1  | Perfect smile | мінсіз күлкі                   | пөрфект смайл        |  |
|----|---------------|--------------------------------|----------------------|--|
| 2  | Strong        | мықты , берік                  | строң                |  |
| 3  | Wrong things  | дұрыс емес нәрселер            | роң сингс            |  |
| 4  | Soft food     | жұмсақ тамақ                   | софт фуд             |  |
| 5  | To happen     | орын алу , болу                | ту хәпен             |  |
| 6  | To be good at | бір нәрседен жақсы болу        | ту би гуд эт         |  |
| 7  | To leave      | тастап кету, қалдыру           | ту лив               |  |
| 8  | To give       | бірдеңені беру                 | ту гив               |  |
| 9  | Pillow        | жастық                         | пилоу                |  |
| 10 | To take       | алу                            | ту тэйк              |  |
| 11 | Take your     | өз позицияңызды ұстаныңыз!     | тэйк ёр пазишн!      |  |
|    | position!     |                                |                      |  |
| 12 | What's        | не болды?                      | уатс роң?            |  |
|    | wrong?        |                                |                      |  |
| 13 | I'm good at   | мен жақсы билеймін             | Ай эм гуд эт дэнсинг |  |
|    | dancing       |                                |                      |  |
| 14 | He is in a    | ол жақсы формада( дене бітімі) | Хи из ин э гуд шэйп  |  |
|    | good shape    |                                |                      |  |
| 15 | Post          | почта                          | пост                 |  |
| 16 | To drop       | лақтыру                        | ту дроп              |  |
|    |               |                                |                      |  |
|    |               |                                |                      |  |
| 17 | Bill          | есеп                           | бил                  |  |
